

Қостанай облысы Жангелдин ауданының Сужарған ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық күрамын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2014 жылғы 28 ақпандағы № 156 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 сәуірде № 4589 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2022 жылғы 31 мамырдағы № 110 шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 31.05.2022 № 110 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабы 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес, Жангелдин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Жангелдин ауданының Сужарған ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу үлгі қағидалары бекітілсін.
2. Қостанай облысы Жангелдин ауданының Сужарған ауылының жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық күрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жангелдин аудандық*

*мәслихатының кезектен*

*тыс сессиясының төрағасы*

*Жангелдин аудандық*

*мәслихат хатшысы*

*Ж. Нұрмұханбетұлы*

*C. Нұргазин*

**КЕЛІСІЛДІ:**

**Жангелдин ауданының**

**Сужарған ауылының әкімі**

*А. Конысбаев*

Мәслихаттың

**Қостанай облысы Жангелдин ауданының Сужарған ауылының жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

№	Елді мекенниң атауы	Қостанай облысы Жангелдин ауданының Сужарған ауылы тұрғындары өкілдерінің саны
1	Қостанай облысы Жангелдин ауданының Сужарған ауылы	4

Мәслихаттың  
2014 жылғы 28 ақпандагы  
№ 156 шешімімен бекітілген

**Қостанай облысы Жангелдин ауданының Сужарған ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандагы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Қостанай облысы Жангелдин ауданының Сужарған ауылы (бұдан әрі – Сужарған ауылы) тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің тәртібін белгілейді.

2. Сужарған ауылының аумағындағы ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 18.05.2017 № 102 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Сужарған ауылының әкімі шақырады.

Жангелдин ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге он шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Сужарған ауылы шегінде бөлек жиынды өткізууді Сужарған ауылының әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Сужарған ауылының қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Сужарған ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Сужарған ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін Сужарған ауылының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Жангелдин аудандық мәслихатымен бекітілген сандық құрамына сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

**Ескерту. 8-тармақ жана редакцияда – Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 18.05.2017 № 102 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және Сужарған ауылы әкімінің аппаратына беріледі.